

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

кредитного процесса с точки зрения оценки кредитных рисков; четкое закрепление соответствующих процедур в регламентирующих документах; использовать новые финансовые инструменты для уменьшения кредитных рисков и повышения доходности деятельности; система управления кредитными рисками должна стать интегрированной системой взаимосвязанных блоков, выдающих управленческую информацию для принятия решений, связанных с риском; необходимо создание эффективной системы риск-менеджмента на уровне каждого коммерческого банка.

Список использованных источников:

1. Текущее состояние банковского сектора Республики Казахстан по состоянию на 1 января 2016 года.
2. Тургульдинова К.И. Пути решения проблемы «неработающих» займов// Экономическое обозрение Национального Банка Республики Казахстан, № 1, 2015 год, С. 26-33.
3. Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан № 30 от 25 февраля 2015 года «Основные направления денежно - кредитной политики Республики Казахстан на 2015 год»
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 августа 2014 года № 954 «Об утверждении Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года»
5. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 30 ноября 2015 г. «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие».
6. Чернявский Д.О. Долларизация // Экономическое обозрение Национального Банка Республики Казахстан, № 4, 2015 год, С. 13-21.

ӘОЖ 658.15 (574)

КОМПАНИЯ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Негметова Надия Дулатовна

Nadiya1995@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к. Бұлақбай Ж.М.

Нарықтық экономика жағдайларында кез-келген компания үшін өзінің шаруашылық-қаржылық қызметін қажетті қаражаттармен (қаржы ресурстарымен) қамтамасыз ету мәселесі маңызды басқару объектісі болып табылады.

Қаржы ресурстары дегеніміз, жалпы алғанда, – бұл компанияның қарамағындағы және оның қаржылық міндеттемелерін орындауға, өндірісті қаржыландыруға бағытталатын ақша қаражаттарының жиынтығы болып табылады. Қаржы ресурстары өндіріс барысын дамытуға, өндірістік емес сала объектілерін қолдауға және дамытуға, сондай-ақ резервтік қорларды қалыптастыруға бағытталады.

Компания қызметін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету – бұл өндіріс барысын қаржыландыру нысандарының, әдістерінің және принциптерінің жиынтығы болып табылады. Бір сөзбен айтқанда компанияның қаржы ресурстарының көздерін қалыптастыру деп компания капиталының қалыптасу процесін айтады [1].

Қаржы ресурстары компанияның өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметтері барысында қолданылады. Олар үнемі қозғалыста болады, сол себепті өзгеріп отырады.

Кез-келген компанияның қызметі көп мақсатты мәнге ие; көбінде, фирма капиталының көлемі мен акция табыстылығы және пайда туралы айтуға болады.

Меншікті және қарыз құралдары бірқатар параметрлер бойынша ерекшеленеді, олардың негізгілері төменде кестеде келтірілген (1 кесте).

Кесте 1 - Негізгі құралдардың араларындағы негізгі ерекшеліктері


Белгілер	Капитал түрі	
	Меншікті	Қарыз
Салық бойынша жеңілдіктер	Жоқ	Бар
Ұйымды басқаруға қатысу құқығы	Беріледі	Берілмейді
Мүлік пен пайданың бөлігін алуға құқық	Қалдық принципі бойынша	бірінші кезекте
Күтілетін табыстылық	Өзгереді	алдын алаанықталған
Капиталдың инвесторға қайтарылу мерзімі	Белгіленбеген	шарт бойынша белгіленген
*Ескерту:Шим Джей. К, «Финансовый менеджмент», Москва 2012. - 86 б.		

Келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, капитал құрылымы, коммерциялық ұйымның қаржылық – шаруашылық қызметінің нәтижесіне тура әсер етсе, оған иеленуші мен инвесторларға жанама әсер етеді. Қаржы менеджменті теориясында келесідей екі түсінікті ажыратып қарастырады, олар коммерциялық ұйымның капиталының құрылымы мен қаржылық құрылым. «Қаржылық құрылым» термині, коммерциялық ұйымның қызметін қаржыландыруды бүтіндей қарастырады, басқа сөзбен айтқанда, қысқа мерзімді құралдарды қосқанда, барлық құрал көздерінің құрылымы. Екінші термин болса, құрал көздерінің тар ауқымына арналған – ұзақ мерзімді пассивтер (меншікті құрал көздері мен ұзақ мерзімді қарыз капиталы).

Бірінші бағытты ұстанушылардың айтуынша, фирма капиталының құны капиталдың құрылымына тәуелді; ал екінші бағытты ұстанушылардың пікірі бойынша, фирманың нарықтық бағасын таңдайтын, WACC көрсеткішін таңдайтын, оптималды капитал құрылымы бар. Сонымен қатар, келесідей аргументтер келтірілген. Капиталдың орташа есептелген бағасы, оның құрамдас бөліктеріне тәуелді. Бұл бөліктер, жалпы екі түрге бөлінеді – меншікті және қарыз капиталы. Бұл көрсеткіш көздерінің бағасы, капитал құрылымына тәуелді түрде өзгеріп отырады.

Сонымен қатар, өзгеру жылдамдықтары әр түрлі. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, акционерлер қарыз құралының қалыпты өсуі кезінде, яғни қаржы тәуекелінің біршама өсуі кезінде, табысты ұлғайтуға бірден талаптар жасамайды. Бірақ, белгілі-бір қауіпсіздік шегінен асқанда, акционерлер тәуекелдің орнын жабу үшін жоғары табыстылықты талап етеді. Компания басында тек меншікті капиталды қолданады (ке), уақыт өткеннен кейін ол арзан қарыз құралдарын қолдануға тырысады және фирманың жалпы капитализациялау деңгейі өседі, немесе WACC көрсеткіші өседі, уақыт өте келе фирма қарыз капиталын қолдануды өсіреді. Және WACC көрсеткіші таңдайтын мәнге ие болатын нүкте капиталдың оптималды құрылымы болады.

Капитал ке
құны
WACC
kd
WACCmin
Қарыз
капиталының



Сурет 1 - Капиталдың құрылымы мен құнының арасындағы байланысқа дәстүрлі көзқарас.


*Ескерту: Жаксыбекова «Стоимость компаний теория и практика оценки финансового менеджмента» Астана 2010. - 74 б.

Екінші бағытты ұстанушылардың пікірі бойынша керісінше – кейбір шарттар орындалғанда фирманың нарықтық құны мен капиталдың құны, капиталдың құрылымына тәуелді емес. Яғни, онда оларды оңтайландыруға болмайды, және капитал құрылымын өзгерту арқылы фирманың нарықтық құнын өсіруге болмайды. Бұл соңғы бекітпені кейде «Пирог» принципі деп те атайды: пирогты әртүрлі бөлуге болады, бірақ оның көлемі ешқалай өзгермейді.

Модильяни мен Миллер әдісі.

Өз көз-қарастарын негіздегенде Модильяни мен Миллер бірталай шектеулерді енгізді, оның ішінде:

- Инвесторлардың рационалдығы, капитал нарығының тиімділігі, мәліметтердің тегін болуы, трансакциялық шығындардың болмауы;
- Компания міндеттемелердің тек екі үлгісін ғана эмиссиялайды: тәуекелсіз ставкалармен міндеттемелер және акциялар (тәуекелді капитал);



Сурет 2 - «Бөліктер» принципі.

*Ескерту: Автор құрастырған.

- жеке тұлғалар тәуекелсіз ставкалар бойынша ссуда - займдық операцияларды жүргізе алады;
- банкроттықпен байланысты шығындар жоқ;
- барлық компаниялар бір тәуекел тобында деп есептеледі;
- күтілетін ақша ағымдары мерзімсіз аннуитет деп танылады (яғни, табыс өлшемі болжанбайды);
- салық жоқ [2].

Бұл шектеулердің кей бірін ғажайып елес деп атауға болады. Бірақта кейінгі зерттеулер көрсеткендей, бұл шектеулер негізгі қорытындыларға елеулі әсер етпейді. Модильяни мен Миллер ұсынған негізгі тұжырымдамалар. Заңды және жеке тұлғалардың табысына салық салынбау шартында Модильяни – Миллер теориясының логикасы

Келесі белгілерді енгіземіз:

V_u – қаржылық тәуелсіз U компаниясының нарықтық құны. (яғни, қарыз капиталын қолданбайды);

V_g – қаржылық тәуелді G компаниясының нарықтық құны;

E – компаниясының меншікті капиталының нарықтық құны;

D – компаниясының қарыз капиталының нарықтық құны;

NOI – таза операциялық пайда (% бен салықтарды шегергенге дейінгі пайда);

σ_{NOI} – NOI-дың орташа квадраттық ауытқуы; Тәуекел мінездемесі ретінде;

k_{eu} – U компаниясының "меншікті капиталы" көзінің құны.

k_{eg} – G компаниясының "меншікті капиталы" көзінің құны;

k_{eu} – "қарыз капиталы" көзінің құны [3].

Жоғарыдағы шарттар негізінде Модильяни мен Миллер келесі екі бекітпені дәлелдеді.


Бекітпе 1. Компанияның нарықтық құны капиталдың құрылымына тәуелді емес және оның операциялық пайдасын капитализациялау арқылы анықталады.

$$V_u = V_g = NOI \quad (1)$$

Бекітпе 2. Қаржылық тәуелді компанияның меншікті капиталының құны, оған ұқсас қаржылық тәуелсіз компанияның меншікті капиталы + тәуекелге төленетін сыйақыға тең. Яғни, қаржылық левиредж шегінде айырмаға тең.

$$k_{eg} = k_{eu} + \text{тәуекелге төленетін сыйақы} = k_{eu} (k_{eu} - k_{ed}) * D/E \quad (2)$$

Бірінші бекітпені дәлелдеу үшін Модильяни мен Миллер, арбитраждық негіздеу тәсілін қолданды. Бұл тәсілді мысалмен қарастырамыз.



Сурет 3 - Модильяни – Миллер теориясына сай, салық болмаған жағдайда капиталдың құрылымы мен құнының арасындағы тәуелділік.

*Ескерту: Жаксыбекова «Стоимость компаний теория и практика оценки финансового менеджмента» Астана 2010. - 76 б.


Модильяни мен Миллер бойынша, U мен L компанияларының нарықтық құндары әр түрлі болмауы керек, себебі олар бір тәуекел сыныбында және табыстары бір [4].

Келесі бекітпені қарастырсақ, онда салықтың болмауы себепті. Қаржылық тәуелді компанияның меншікті капиталы келесі формуламен есептеледі.

$$k_{eg} = NOI - k_d * D \quad (3)$$

Бекітпелердің нәтижесінде, WACC мәнінің тұрақты екенін көре аламыз. Шынындада, егер компания сыртқы қаржы көздерін тартпаса, онда $WACC = k_{eu}$. Сонымен, капитал құрылымының өзгеруі, WACC мәнінің өзгеруіне еш әсеретпейді.

Салық болмаған жағдайда, фирманың нарықтық құны, капитал құны мен қаражат көздерінің арасындағы тәуелділіккөрсетілген.



Сурет 4 - Салық болмаған жағдайда, фирманың нарықтық құны мен қаражат көздерінің құрылымы арасындағы байланыс.

*Ескерту: Жаксыбекова «Стоимость компаний теория и практика оценки финансового менеджмента» Астана 2010. - 76 б.

Модильяни мен Миллер салық салыну жағдайын ескерген жағдайда, капитал құрылымы компанияның нарықтық құнына әсер ететінін атап, жаңа бекітпелер ұсынды. Бұл бекітпелер қайта екеу болды.

Бекітпе 1. Қаржылық тәуелді компанияның нарықтық құны, тәуекелі бойынша оған ұқсас қаржылық тәуелсіз компанияның нарықтық құны + пайдаға салық ставкасы * қарыз капиталының құнына тең.

$$V_g = V_u + T_c * D \quad (4)$$

Бекітпе 2. Қаржылық тәуелді компанияның капиталының құны қаржылық тәуелсіз компанияның капитал құны + тәуекелге сыйақыға тең [5].

$$k_{eg} = k_{eu} + \text{тәуекелге сыйақы} = k_{eu} + (k_{eu} - k_d) * D/E * (1 - T_c) \quad (5)$$

Капитал бағасы компаниялардың өзінің активтерінің нарықтық құнын қалыпты деңгейде сақтап қалу үшін ұсанатын табыс мөлшері болып табылады. Қаржы менеджерлеріне капитал құнын білу келесідей сұрақтар үшін маңызды: капитал салымдары туралы шешімдер қабылдау; капиталдың оңтайлы құрылымын қалыптастыру; ұзақ мерзімді қаржылық лизингтік несиелер тарту; ескі облигацияларды жаңа облигацияларға ауыстыру; айналым капиталын басқару.

Компания капиталының әрбір қалыптасу көзі өзінің бағасына ие болады. Капиталдың құрамдас бөліктерінің құнын келесідей тәртіппен анықтауға болады:

k_i – салық салынғанға дейінгі қарыз капиталдың бағасы;

$k_d = k_i(1 - t)$ – салықтан кейінгі қарыз капиталдың бағасы, мұнда t – салық мөлшерлемесі;

k_p – артықшылығы бар акциялардың бағасы;

k_s – бөлінбеген табыстың бағасы (капиталдың ішкі бағасы);

k_e – қарапайым акциялардың құны (капиталдың сыртқы бағасы);

k_o – компания капиталының жалпы немесе орташа салмақталған бағасы.

Қарыз капиталдың бағасы. Қарызға тартылған капиталдың салық салғанға дейінгі бағасын (k_i) есептеуге болады. Бұл үшін облигациялар бойынша ақша ағындарынан келетін ішкі табыс мөлшерін (немесе өтеу кезіндегі табысты) есептеу керек. Облигациялардың табыстылығын есептеудің қарапайым формуласы келесідей:

$$k_i = \frac{I + (M - V)/n}{(M + V)/2}, \quad (6)$$

Мұнда I – жылдық пайыздық табыс төлемі; M – облигацияның номиналдық бағасы; V – облигацияны сатудан түскен табыстың таза нарықтық бағасы; n – облигацияның мерзімі (жыл, тоқсан, ай) [29].

Бөлінбеген табыстың бағасы. Бөлінбеген табыстың бағасы (k_s) қолданыстағы қарапайым акциялардың құнымен тығыз байланысты. Себебі бөлінбеген табыстың есебінен қалыптасқан акционерлік капиталдың бағасы компанияның қарапайым акцияларының табыс мөлшерімен барабар болып келеді, яғни $k_e = k_s$.

Капитал бағасы акциялар, бөлінбеген табыс, қарыздық міндеттемелер секілді капиталдың құрамдас бөліктерінің орташа салмақталған құны ретінде есептеледі. Капиталдың жалпы бағасын шартты түрде k_0 деп белгілеп, келесі формула бойынша анықтауға болады:

$k_j = \Sigma$ капиталдың жалпы құрылымындағы әрбір капитал көзінің пайыздық үлесі $\times$ әрбір капитал көзінің бағасы $= W_d k_d + W_p k_p + W_e k_e + W_s k_s$, (7)

мұнда W_d – қарыздық міндеттемелерден түскен капиталдың пайыздық үлесі; W_p – артықшылықты акциялардан түскен капиталдың пайыздық үлесі; W_e – қарапайым акциялардан түскен капиталдың пайыздық үлесі (капиталдың сыртқы құны); W_s – бөлінбеген табыстан түскен капиталдың пайыздық үлесі (капиталдың ішкі бағасы); k_d , k_p , k_e және k_s – сәйкесінше қарыздық міндеттемелердің, артықшылықты акциялардың, қарапайым акциялардың және бөлінбеген табыстың бағасы.

Капиталдың бағасын салмақтаудың бастапқы, мақсатты және маржиналды әдістері болады.

Капитал бағасын бастапқы салмақтау компанияның қолданыстағы капитал құрылымына негізделеді және капиталдың осы құрылымы оңтайлы, яғни келешекте қолданылуы тиіс, деп шешкен жағдайда қолданылады. Бастапқы капитал бағаның екі түрі кездеседі – баланстық баға бойынша және нарықтық баға бойынша салмақтау.

Компания капиталының салмақталған бағасын баланстық баға бойынша салмақтау әдісінің мәні келесідей: қолданыстағы капиталы үшін қолданылған қаржыландыру әдістері қолданылады. Салмақтау дегеніміз – бұл капиталдың әрбір құрамдас бөлігінің баланстық бағасын барлық капитал көздерінің жалпы сомасына бөлу болып табылады.

Нарықтық бағасы бойынша салмақтау компания капиталының әрбір құрамдас бөлігінің нарықтық бағасын барлық капиталдың жалпы нарықтық құнына бөлу арқылы орындалады. Капиталдың орташа салмақталған бағасын есептеудің бұл әдісі ең тиімді болып есептеледі, себебі қаржылық активтердің нарықтық бағасы оларды қолданудан немесе сатудан алынатын табыстың нақты сомаларын көрсетеді.

Мақсатты салмақтау. Егер компания қарамағында ұзақ уақыттар бойында қалыптасқан мақсатты капитал құрылымы (меншікті және тартылған капиталдың тиімді қатынасы) бар болса, онда капиталдың осы құрылымы мен оның құнын салмақтаудың бұрынғы әдістері өзгеріссіз сақталып қала береді, яғни осы капитал құрылымы компанияның стратегиялық мақсаттарына сай келеді [6].

Маржиналды салмақтау капиталдың қаржылық инвестицияларға арналған аралас құрылымын қажет етеді. Бұл әдіс компанияның орташа салмақталған капитал құнын есептеу үшін қолданыла алады, алайда оның бір кемшілігі бар. Әрбір капитал көздері бойынша капитал баға компанияның аралас құрылымымен байланысты қаржылық тәуекелдерден тәуелді болады. Егер компания өзінің қолданыстағы капитал құрылымын өзгертетін болса, компанияның капитал көздерінің бағасын есептеу, нәтижесінде капиталдың жалпы салмақталған бағасын есептеу өте қиынға соғады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Түгелбай В., Дамудың даңғыл жолына түсетін «Даму қоры»//Егемен Қазақстан 2010 ж
2. Л.Е. Ибрагимова, А. Есімов, Г. Лесбеков "Қазақстан және оның аймақтарындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму жағдайы туралы есеп" /2012 – 3 шығарылым/
3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қорының ақпараты www.damu.kz.

4. Т.Ж.Демесінов Қаржылық талдау: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 320 б.
5. К.Ш.Дүйсембаев Қаржы есептілігін талдау: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. – 348 б.
6. Д.О.Абленова Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 544 бет 150 б.

УДК 336.02

АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ НА ФОРМИРОВАНИЕ ИНВЕСТИЦИОННОЙ И ДЕЛОВОЙ АКТИВНОСТИ В РФ

Николаев Андрей Александрович

anikolaev09@gmail.com

студент 4 курса направления «Государственное и муниципальное управление»
АОУ ВПО «Ленинградский государственный университет имени А.С. Пушкина»,
г. Санкт-Петербург, Российская Федерация
Научный руководитель – к.э.н., доцент Стецюнич Ю.Н.

В настоящее время актуальным вопросом становится изучение налоговой нагрузки и ее влияния на развитие инвестиционной и предпринимательской активности в стране. Если рассматривать налоговую нагрузку, как инструмент государственного регулирования, то необходимо отметить составляющие данного механизма, то есть экспортируемые товары, показатели ВВП и другие составляющие, исходя из которых можно делать вывод о сумме налоговых изъятий в разрезе сравнения с другими странами [1].

Необходимо так же отметить, важность корректировки и сбалансированности налоговой системы в целом. Индивидуализации стратегии налогообложения в регионах и различных секторах экономики может служить фактором снижения колебаний доходов на региональном направлении и на внешнеторговом рынке. Налоговая нагрузка в странах БРИКС и Евразийского экономического союза в целом ниже, чем в РФ [1]. Это свидетельствует о менее конкурентоспособном уровне налоговой системы [1]. При этом важно учесть индивидуальные особенности различных стран в сфере налогообложения и расходных статей бюджета, а именно социальные расходы, обороноспособность и так далее. Однако есть позитивные тенденции улучшения условий ведения предпринимательской деятельности в РФ и усиления инвестиционной привлекательности.

Развитие инвестиционной привлекательности становится неотъемлемой частью практически любых масштабных проектов. Частью развития инвестиционной привлекательности становится инициирование различных проектов, как на федеральном, так и на региональных уровнях. Корректировка и подстройка налоговой нагрузки и ее последовательное уменьшение для проектов в сфере государственного частного партнерства, малого предпринимательства является существенным условием равномерного экономического роста [2]. При этом инвестиционный климат становится системообразующей частью построения эффективной среды развития экономики, что не возможно без динамичной и гибкой налоговой системы.

Деловая активность напрямую зависит от состояния налоговой системы и налоговых условий, необходимых для ведения предпринимательской деятельности в РФ. Улучшение показателей можно наблюдать в индикаторах Doing Business. Так в отчете данного агентства за 2015 год, исходя из данных 2013 года Россия занимает 62 позицию, а в докладе на 2016 год - 52 позицию [3], данная позиция сформирована за счет индикаторов налогообложения и оптимизации процессов регистрации предприятий. В рамках реализации целей дорожных карт данные показатели фигурируют, как приоритетные. Существенным импульсом для